

«Бекітемін»:

МККК №1 «Күншуақ» бөбекжай-
балабақша меңгерушісі
Г.Ж.Барикова



«Келісілді»:

МККК №1 «Күншуақ» бөбекжай-
балабақша әдіскері
Л.М.Асанова

МККК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
«Балдәурен» кіші тобының 2024-2025 оқу жылына арналған
ата-аналар жұмыс жоспары

2024 - 2025 оқу жылы

Мақсаты: Балабақша мен отбасының ынтымақтастығын нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, бала тәрбиесінде бірлескен жұмысты ұйымдастыру.
Мектепке дейінгі білім беру саласындағы ата-аналардың құзыретін арттыру үшін, балалардың біртұтас дамуын, отбасыларына жауапты қарым-қатынастарды дамыту.

Міндеттері:

1. Ата-аналар арасында педагогикалық білім туралы ақпарат беру.
2. Бала тәрбиелеуде практикалық көмек көрсету
3. Ата-ананың топ тәрбиешілеріне сенімдерін қалыптастыру, тәрбиешінің әдістемелік көмек көрсетуіне сеніммен қарап, бала тәрбиесіне қатысты ұсыныстарына жауапты қарау

Жұмыс түрлері	Мазмұны	Қатысушылар	Әдіс-тәсілдер
Қыркүйек			
Бірлескен ұжымдық жұмыс	Ата-аналар жиналысы №1 Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы – бала тәрбиесінің бірлігі» Күн тәртібінде: 1. Баяндама: «Балабақша мен отбасы – бала тәрбиесінің бірлігі» Орынбаева Э.Г 2. Жаңа оқу жылының жоспарымен таныстыру.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Ата-аналарды оқу жылының жоспарымен таныстыру, ынтымақтастық орнату.
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Денсаулықты қалай сақтау керек.»	Тәрбиешілер Медбике кеңесі	Кеңес
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Менің бақытты отбасым» отбасы суреттері Жылжымалы папка дайындау.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Жылжымалы папка дайындау.
Қазан			
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	Кеңес: «Баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру»	Тәрбиешілер Тәрбиеленушілер	Баланың денсаулығын нығайту. Күн тәртібінің маңызын түсіндіру.
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	Ертеңгілікке дайындық «Арайлы Алтын күз» Көрме дайындау.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Ертеңгілік
Қараша			
Жеке жұмыс түрлері	Ашық есік күні	Тәрбиешілер. Тәрбиеленушілер	Ата-аналарды ұйымдастырылған-іс әрекетімен таныстыру.

Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Ертегілер еліне саяхат» (балалармен жұмыс)	Тәрбиешілер	Ертегі бұрышына саяхат	
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Кітап біздің досымыз»	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Кітап бұрышына саяхат	
Желтоқсан				
Жеке жұмыс түрлері	Жаңа жыл мерекесіне ата-аналарды қатыстыру. «Жаңа жылдық» көрме дайындау.	Мука жетекшісі Тәрбиешілер.	Ортақ мерекелік іс-шара ұйымдастыру.	
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Спорт біздің досымыз» (жаттығулар) «Бағдаршам тілін ұғып тыңда»	Тәрбиешілер. Дене шынықтыру нұсқаушысы	Қимылды жаттығулар	
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Жаңа жылдық» көрме дайындау.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Жаңа жылдық көрме ұйымдастыру.	
Қаңтар				
Бірлескен ұжымдық жұмыс	Ата аналар жиналысы №2 Баяндама: «Баланың сөйлеу және танымдық дамуы»	Тәрбиешілер.	Баланың тілін дамытудағы отбасының рөлін түсіндіру.	
Жеке жұмыс түрлері	«Қыс қызығы» (лапада серуендеу) «Ақ ссрек, көк серек» ұлттық ойыны	Тәрбиешілер.	Серуен шығу Ойын ұйымдастыру.	

Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Қыс қызыңы» (көрме)	Ата аналар Тәрбиешілер.	Көрме ұйымдастыру.
Ақпан			
Жеке жұмыс түрлері	Кеңес: «Отбасындағы қауіпсіздік ережелері»	Тәрбиешілер.	Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы ақпарат беру.
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Жолдан абайлап өтеміз» (қауіпсіздік ережелері)	Тәрбиешілер	Ойын ұйымдастыру.
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Өрттен сақ болыңыз» (түсіндірме жұмыс)	Тәрбиешілер. Ата аналар	Өрт туралы суреттер ұйымдастыру.
Наурыз			
Жеке жұмыс түрлері	2-жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Тәрбиешілер	Кеңес
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«8-наурыз Аналар мерекесі» дайындық «Анам өмір шуағы» мерекесіне ата аналарды қатыстыру.	Тәрбиешілер Ата-аналар	Аналар мен бала ынтымақтастығын қалыптастыру.
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	22-наурыз «Армысың, Әз-Наурыз»мерекесі ертеңгілік.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Отбасылық құндылықтарды насихаттау.
Сәуір			
Жеке жұмыс түрлері	Сауалнама: «Балабақша жұмысына ата-аналардың қанағаттануы»	Тәрбиешілер	Ата-аналардың пікірін анықтау.

Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қауіпсіздік ережелері»	Тәрбиешілер	Түсіндірме іс-әрекет ұйымдастыру.
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Толағай» отбасылық сайыс	Тәрбиешілер. Ата аналар	Отбасылық құндылықтарды насихаттау.
Мамыр			
Бірлескен ұжымдық жұмыс	Ата-ана жиналысы №3 «Оқу жылының қорытындысы. «Жазғы қауіпсіздік» Жыл бойғы балалардың жетістіктері Ата-ана жоспарын қорытындылау; 3 Жазғы сауықтыру жоспарымен таныстыру.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Ата-аналар жиналысының күн тәртібі
Жеке жұмыс түрлері	«Кім еңгі, кім жылдам» (шынықтыру жаттығулары)	Тәрбиешілер.	жаттығулар
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Балалар оянды» (ұйқыдан тұрғаннан кейінгі сауықтыру жаттығу)	Тәрбиешілер.	жаттығу
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	Даладағы алаңдарды безендіру.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Ата аналардың балабақша тазалығына белсене қатысуы.

Бекітемін: Асеев
МККК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

Ата-аналар жиналысы

Баяндама: «Балабақша мен отбасы – бала тәрбиесінің бірлігі»

"Балдаурен" кіші тобы

Тәрбиешілер: Орынбаева Э.Т

2024-2025 оқу жылы

Баяндама: «Балабақша мен отбасы – бала тәрбиесіндегі бірлік»

Мақсаты: Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті түсіндіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі ата-аналар жиналысының тақырыбы – «Балабақша мен отбасы – бала тәрбиесіндегі бірлік».

Еліміздің ертеңі – бүгінгі бүлдіршіндер. Сондықтан баланың дені сау, тәрбиелі, білімді, елін сүйетін азамат болып қалыптасуы – отбасы мен балабақшаның ортақ міндеті. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген халқымыздың нақыл сөзі отбасы тәрбиесінің маңызын айқын көрсетеді.

Баланың алғашқы ұстазы – ата-анасы. Отбасында бала мейірімділікке, сыйластыққа, еңбекқорлыққа, жауапкершілікке, үлкенді құрметтеп, кішіні ізеттеуге үйренеді. Ал балабақшада осы қасиеттер дамытылып, білім беру және тәрбиелеу жұмыстары жүйелі түрде жалғасады.

Отбасы мен балабақша бір мақсатта жұмыс істегенде ғана бала толыққанды дамиды. Егер үйдегі талап пен балабақшадағы тәрбие бір-біріне сәйкес келсе, бала өзін қауіпсіз сезінеді, тәртіпке тез бейімделеді, өз ойын еркін жеткізеді және жаңа білімді оңай қабылдайды.

Құрметті ата-аналар!

Балабақшада біз балалардың денсаулығын нығайтуға, сөйлеу тілін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге ерекше көңіл бөлеміз. Әр ұйымдастырылған іс-әрекет баланың жас ерекшелігіне сай жоспарланады.

Дегенмен тәрбие жұмысы тек балабақшамен шектелмейді. Үйде де балаға қолайлы психологиялық орта қалыптастыру өте маңызды. Баламен күн сайын сөйлесу, оның ойын тыңдау, бірге кітап оқу, сурет салу, ойын ойнау, жетістігін мақтап, қиындықтарын бірге шешу – баланың жан-жақты дамуына оң ықпал етеді.

Қазіргі таңда балалардың телефон мен теледидар алдында ұзақ уақыт отыруы алаңдатарлық мәселе. Сондықтан гаджеттерді пайдалануға шектеу қойып, олардың орнына қимылды ойындар, таза ауадағы серуен, шығармашылық жұмыстар мен кітап оқуға көбірек көңіл бөлген жөн.

Баланың тәрбиесінде ең бастысы – ата-ананың жеке үлгісі. Балалар үлкендердің әр әрекетін қайталайды. Сондықтан әдепті сөйлеу, тазалық сақтау, уақытты тиімді пайдалану, үлкенге құрмет көрсету сияқты жақсы қасиеттерді өзімізден бастауымыз қажет.

Құрметті ата-аналар!

Біз сіздерді балабақша өміріне белсенді қатысуға шақырамыз. Ашық оқу қызметтеріне, мерекелік іс-шараларға, көрмелерге, сенбіліктерге қатысып, тәрбиешілермен үнемі байланыста болсаңыздар, бұл балалардың дамуына зор әсерін тигізеді.

Баланың бойындағы әрбір жетістік – ата-ана мен тәрбиешінің бірлескен еңбегінің жемісі. Сондықтан өзара сыйластық пен сенімге негізделген серіктестігіміз нығая берсін.

Қорытындылай келе, ұлы ағартушы Мағжан Жұмабаев: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп емес, өз заманына лайық етіп тәрбиелеу керек» деген. Осы сөзді басшылыққа ала отырып, бүлдіршіндеріміздің жарқын болашағы үшін бірлесе еңбек етейік.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет!

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Тобы: «Балдаурен» кіші тобы.

Өткізілген күні: 13.09.2024 жыл

Өткізілген орны: Музыка залы.

Қатысқандар: _15 ата-ана

Қатыспағандар: _5 ата-ана

Топ тәрбиешісі: _Орынбаева Э.Т

Күн тәртібі: 2024–2025 оқу жылындағы топтың жұмыс жоспарымен таныстыру.

Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы – бала тәрбиесінің негізі (баяндама).

Балалардың балабақшаға бейімделуі туралы.

Ата-аналар комитетін сайлау.

Өртүрлі мәселелер.

Жиналыстың өткізілу барысы:

Жиналысты топ тәрбиешісі Орынбаева Э.Т ашып, келген ата-аналарға алғыс білдірді.

Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, баланың жан-жақты дамуы үшін отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысының маңыздылығын атап өтті.

Бірінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т 2024–2025 оқу жылындағы топтың жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Балалардың күн тәртібі, оқу қызметтері, ойын әрекеттері, серуен, қауіпсіздік талаптары, санитарлық-гигиеналық ережелер және ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар туралы толық мәлімет берді.

Ата-аналар тарапынан балалардың күн тәртібі, бейімделу кезеңі және үй тапсырмаларына қатысты сұрақтар қойылып, оларға толық жауап берілді.

Екінші мәселе бойынша:

«Балабақша мен отбасы – бала тәрбиесіндегі бірлік» тақырыбында баяндама оқылды.

Баяндама барысында:

отбасы – баланың алғашқы тәрбиелік ортасы екені;

балабақша мен ата-ананың өзара түсіністігі баланың дамуына оң әсер ететіні;

балаға бірдей талап қоюдың маңыздылығы;

ұлттық құндылықтарды қалыптастыру;

үлкенді сыйлау, еңбекке баулу, әдептілікке тәрбиелеу мәселелері айтылды.

Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, тәрбиешілермен тұрақты байланыста болуға дайын екендерін жеткізді.

Үшінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші балалардың балабақшаға бейімделу ерекшеліктері туралы айтып өтті. Алғашқы күндері баланың көңіл күйіне түсіністікпен қарау, танертең асықпай әкелу, үйде балабақша туралы жағымды әңгіме айту, баланың өздігінен киініп-шепінуге жағдай жасау жөнінде ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар балалардың денсаулығын сақтау, уақытылы келуі, ауырып қалған жағдайда медициналық анықтамамен келуі ескертілді.

Төртінші мәселе бойынша:

Ата-аналар комитетінің құрамы ашық дауыс беру арқылы сайланды.

Торайымы: _Асташева С.А

Мүшелері: Нестеренко А, Болатқызы А

Комитет мүшелерінің міндеттері түсіндірілді.

Бесінші мәселе бойынша:

Өртүрлі мәселелер қаралды.

Тәрбиеші: Орынбасева Э.Т

Балаларды таза әрі ыңғайлы киіммен әкелуді;

ауыстыратын киімнің толық болуын;

төлемақыны уақытылы төлеуді;

балабақшаның ішкі тәртіп ережелерін сақтауды;

ата-аналар хабарламасына белсенді қатысуды сұрады.

Ата-аналар ұсыныстарын айтып, барлық мәселелер бойынша ортақ пікірге келді.

Қаулы: 2024–2025 оқу жылындағы топтың жұмыс жоспары бекітілсін.

Балабақша мен отбасының ынтымақтастығын нығайту бойынша жұмыстар тұрақты жүргізілсін.

Балалардың күн тәртібін үйде де сақтау ұсынылсын.

Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатысты талаптар ата-аналар тарапынан қатаң сақталсын.


Сайланған ата-аналар комитеті өз жұмысын жүргізісін.

Тәрбиеші мен ата-аналар арасындағы байланыс тұрақты ұйымдастырылсын.

Жиналыс төрайымы: Болатқызы Айгерім

Хатшысы: Ембергенова С.С

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Қолы: 



Бекітемін: Асиф
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

Ата-аналар жиналысы

Баяндама: «Баланың сөйлеу және танымдық дамуы»

"Балдаурен" кіші тобы

Тәрбиешілер: Орынбасева Э.Т

2024-2025 оқу жылы

Баяндама: «Баланың сөйлеу және танымдық дамуы»

Максаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу және танымдық даму ерекшеліктері туралы ата-аналардың білімін арттыру, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту арқылы баланың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру.

Міндеттері: Баланың сөйлеу және танымдық дамуының маңызын түсіндіру;

Жас ерекшелігіне сәйкес сөйлеу қабілетін дамыту жолдарымен таныстыру;

Баланың ойлау, есте сақтау, зейін қою, қиялдау қабілеттерін жетілдірудің тиімді әдістерін ұсыну;

Ата-аналарды баламен күнделікті қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыруға бағыттау;

Отбасында дамытушы орта қалыптастырудың маңызын түсіндіру.

Баяндама мәтіні

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі жиналысымыздың тақырыбы – «Баланың сөйлеу және танымдық дамуы».

Баланың жан-жақты дамуы ең алдымен оның сөйлеу қабілеті мен танымдық белсенділігіне байланысты. Мектепке дейінгі кезең – баланың өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Осы уақытта бала қоршаған ортаны танып, тіл байлығын молайтып, өз ойын жеткізуге, қарым-қатынас жасауға үйренеді.

Сөйлеу – баланың тек тілдік қабілеті ғана емес, оның ойлау, есте сақтау, қабылдау және қарым-қатынас жасау дағдыларының негізгі көрсеткіші. Баланың сөздік қоры қаншалықты бай болса, оның ойын анық жеткізуі де соншалықты жеңіл болады.

Баланың сөйлеу тілінің дамуына отбасы ерекше әсер етеді. Ата-ананың жылы сөзі, ертегі оқып беруі, бірге кітап қарауы, күнделікті әңгімелесуі – бәрі де сөйлеу тілін дамытуға ықпал етеді. Телефон мен теледидар баламен тікелей қарым-қатынасты алмастыра алмайды.

Танымдық даму – баланың қоршаған ортаны танып-білуге деген қызығушылығының қалыптасуы. Бұл бағытқа зейін, есте сақтау, ойлау, қиялдау, салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттері жатады.

Баланың танымдық дамуын жетілдіру үшін:

түрлі ойындар ұйымдастыру;

сурет салу, құрастыру, жапсыру жұмыстарын орындату;

табиғатты бақылау;

жұмбақтар шешу;

мақал-мәтелдер айту;

тәжірибелер жасау;

кітап оқу өте пайдалы.

Баламен сөйлескенде оның сұрақтарына міндетті түрде жауап беру қажет. Себебі әрбір «Неге?», «Қалай?», «Не үшін?» деген сұрақ – баланың ойлау қабілетінің дамып келе жатқанын көрсетеді.

Баланың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін:

анық әрі дұрыс сөйлеу;

жана сөздерді үйрету;

баланың сөзін бөлмеу;

дұрыс емес айтылған сөздерін сабырмен түзету;

бірге тақпақ жаттау және ән айту ұсынылады.

Сонымен қатар, балаға күніне кемінде 20–30 минут кітап оқып беру – оның сөздік қорын байытып, есте сақтау қабілетін арттырады. Отбасында мейірімді қарым-қатынас пен қолдау болған жағдайда бала өз ойын еркін айтып, өзін сенімді сезінеді.

Қазіргі таңда балалардың гаджеттерге көп уақыт бөлуі олардың сөйлеу және танымдық дамуына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан экран алдындағы уақытты шектеп, оның орнына бірлескен ойындар мен шығармашылық жұмыстарды көбейткен дұрыс.

Құрметті ата-аналар!

Баланың тәрбиесі мен дамуы – балабақша мен отбасының ортақ міндеті. Біз бірлесіп жұмыс істегенде ғана баланың толыққанды дамуына жағдай жасай аламыз.

Қорытынды

Бала – біздің болашағымыз. Оның дұрыс сөйлеуі, ойлай білуі, ізденуі және білімге қызығушылығы – ертеңгі табысты өмірінің негізі. Сондықтан әрбір ата-ана баласына уақыт бөліп, онымен көбірек сөйлесіп, бірге кітап оқып, түрлі танымдық ойындар ұйымдастыруы қажет.

Ұсыныстар:

Күн сайын баламен 15–20 минут еркін әңгімелесу.

Ұйықтар алдында ертегі немесе қысқа әңгіме оқу.

Телефон мен теледидарды пайдалану уақытын шектеу.

Дамығушы ойындарды бірге ойнау.

Баланың әр жетістігін мадақтап, қолдау көрсету.

Балабақшамен тұрақты байланыста болып, педагогтердің ұсыныстарын орындау.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет!

**АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ
№2 ХАТТАМАСЫ**

Тақырыбы: «Баланың сөйлеу және танымдық дамуы»

Өткізілген күні: 16.01.2025 ж.

Тобы: «Балдаурен» кіші топ

Қатысқандар: 12 ата-аналар.

Қатыспағандар: 8 ата-аналар.

Жиналыс төрағасы: Асташева С.А

Топ тәрбиешісі: Орынбаева Э.Т

Хатшысы: Ембергенова С.С

Күн тәртібі:

Баланың сөйлеу және танымдық дамуы туралы баяндама.

Үй жағдайында баланың тілін дамытуға арналған әдіс-тәсілдер.

Ата-аналармен пікір алмасу, сұрақ-жауап.

Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, топ тәрбиешісі Орынбаева Э.Т сөз сөйлеп, мектепке дейінгі кезеңде баланың сөйлеу және танымдық дамуының маңыздылығына тоқталды. Баланың сөздік қорының молаюы, байланыстырып сөйлеуі, сұрақ қоюы, ойын еркін жеткізуі оның мектепке дайындығының негізгі көрсеткіштерінің бірі екені айтылды.

Сөйлеуді дамыту үшін күнделікті кітап оқу, ертегі айту, сурет бойынша әңгімелесу, тақпақ жаттау, жаңылтпаш айту, саусақ ойындарын ұйымдастырудың тиімділігі түсіндірілді.

Танымдық дамуды жетілдіру мақсатында түстерді, пішіндерді, көлемді ажырату, қарапайым логикалық тапсырмалар орындау, табиғатты бақылау, құрастыру ойындары, пазлдар және дамытушы ойындардың пайдасы жөнінде ақпарат берілді.

Екінші мәселе бойынша ата-аналарға үй жағдайында балалармен күн сайын кемінде 20–30 минут бірге ойнап, сөйлесуге уақыт бөлу, телефон мен теледидарды шектеу, баланың қойған сұрақтарына сабырмен жауап беру, өз ойын толық жеткізуіне мүмкіндік жасау жөнінде ұсыныстар айтылды.

Үшінші мәселе бойынша, ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, балалардың сөздік қорын қалай дамытуға болатыны туралы сұрақтар қойды. Тәрбиеші барлық сұрақтарға жан-жақты жауап беріп, практикалық кеңестер ұсынды.

Әртүрлі мәселелер бойынша:

Балалардың күнделікті қатысу тәртібі ескертілді.

Балабақша күн тәртібін үйде де сақтау ұсынылды.

Алдағы мерекелік және тәрбиелік іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуы сұралды.

Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәселелері еске салынды.

Қаулы:

Баланың сөйлеу және танымдық дамуын жетілдіру бойынша тәрбиешінің ұсыныстары басшылыққа алынсын.

Үй жағдайында күн сайын кітап оқу, әңгімелесу және дамытушы ойындар ұйымдастыру тұрақты жүргізілсін.

Баланың көгілдір экран алдында өткізетін уақытын шектеу ұсынылсын.

Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында тәрбиешімен тұрақты байланыс орнатылсын.

Келесі ата-аналар жиналысына барлық ата-аналардың толық қатысуы қамтамасыз етілсін.

Жиналыс төрағасы: Асташева С.А

Хатшы:Ембергенова С.С

Қолы: 

Ата-аналар жиналысы.



Бекітемін: 
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

Ата-аналар жиналысы
Оқу жылының қорытындысы
Баяндама: «Жазғы қауіпсіздік»
"Балдаурен" кіші тобы

Тәрбиешілер: Орынбаева Э.Т

2024-2025 оқу жылы

БАЯНДАМА

Тақырыбы: 2024–2025 оқу жылының қорытындысы және балалардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігі.

Мақсаты: Ата-аналарды оқу жылының қорытындысымен таныстыру, балалардың жетістіктерін бағалау, жазғы демалыс кезінде баланың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша қауіпсіздік шараларын түсіндіру және отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері: 2024–2025 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға қорытынды жасау; Балалардың оқу жылы бойындағы жетістіктері туралы ақпарат беру; Жазғы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жолдарын түсіндіру; Ата-аналардың жауапкершілігін арттыру және қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігіне назар аударту.

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі жиналысымыздың негізгі мақсаты – 2024–2025 оқу жылына қорытынды жасап, балаларымыздың жетістіктеріне тоқталу және жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік мәселелерін талқылау.

Оқу жылы бойы балалар мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес білім алып, тәрбиеленді. Түрлі ұйымдастырылған іс-әрекеттер, ойындар, мерекелік іс-шаралар, шығармашылық жұмыстар, спорттық жарыстар мен танымдық сабақтар арқылы балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасалды.

Балалардың сөйлеу мәдениеті, танымдық қабілеттері, ұсақ және ірі моторикасы, шығармашылық қабілеттері, қарым-қатынас дағдылары едәуір дамыды. Олар өз ойларын еркін жеткізуге, достарымен тіл табысуға, тапсырмаларды өз бетінше орындауға дағдыланды.

Жыл бойы өткізілген ертеңгіліктер, мерекелер, ашық оқу қызметтері, көрмелер мен түрлі байқаулар балалардың шығармашылық белсенділігін арттырды. Ата-аналардың қолдауы мен ынтымақтастығының арқасында көптеген жұмыстар нәтижелі өтті.

Құрметті ата-аналар!

Алдымызда балалар асыға күтетін жазғы демалыс кезеңі тұр. Бұл – баланың денсаулығын нығайтып, табиғат аясында серуендеп, күш-қуат жинайтын уақыт. Сонымен қатар жаз мезгілі қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды талап етеді.

Ең алдымен, балаларды ешқашан қараусыз қалдырмаңыздар. Үйде де, көшеде де үлкендердің бақылауы өте маңызды.

Су қауіпсіздігі:

Балаларды өзен, көл, бассейн жағасында жалғыз қалдырмаңыз.

Су жағасында міндетті түрде ересек адам бірге болуы керек.

Жүзуді тек арнайы рұқсат етілген орындарда үйретіңіз.

Жол қауіпсіздігі:

Жолдан тек жаяу жүргіншілер өткелі арқылы өтуге үйретіңіз.

Велосипед пен самокат тепкенде қорғаныш құралдарын пайдаланыңыз.

Көлікте міндетті түрде қауіпсіздік белдігін тағыңыз.

Күннен қорғану:

Күннің ең ыстық уақытында (11:00–17:00) ұзақ уақыт күн астында жүрмеуге тырысыңыз.

Бас киім киіп, жеңіл әрі ашық түсті киім таңдаңыз.

Балаларға жеткілікті мөлшерде су ішкізіңіз.

Өрт қауіпсіздігі:

Сіріңке, оттық сияқты заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Электр құралдарын өз бетінше пайдалануға рұқсат бермеңіз.

Табиғат аясында от жаққанда қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз.

Тұрмыстық қауіпсіздік:

Терезелерге арнайы қорғаныш орнатыңыз.

Дәрі-дәрмек пен тұрмыстық химиялық заттарды балалардан алыс сақтаңыз.

Өткір және қауіпті заттарды қолжетімсіз жерге қойыңыз.

Интернет қауіпсіздігі:

Баланың телефон немесе планшет қолдану уақытын бақылаңыз.

Бейтаныс адамдармен байланысқа түспеуін түсіндіріңіз.

Баланың көретін ақпаратын қадағалаңыз.

Табиғаттағы қауіпсіздік:

Белгісіз өсімдіктер мен саңырауқұлақтарды ұстамауды үйретіңіз.

Жәндіктер шаққан жағдайда алғашқы көмек көрсетіп, қажет болса дәрігерге қаралыңыз.

Серуеннен кейін кенеге тексеруді ұмытпаңыз.

Құрметті ата-аналар!

Баланың қауіпсіздігі – ең алдымен ата-ананың жауапкершілігі. Балаларға күн сайын қауіпсіздік ережелерін еске салып, өзіңіз де үлгі болғаныңыз өте маңызды.

Оқу жылы бойы көрсеткен қолдауларыңыз, белсенділіктеріңіз және балабақша өміріне атсалысқандарыңыз үшін баршаңызға шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жазғы демалыстың көңілді әрі қауіпсіз өтуін тілейміз. Балаларымыз әрдайым аман, дені сау, бақытты болып өссін!

Назарларыңызға рақмет!

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ

№4 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: 2024–2025 оқу жылының қорытындысы. «Жазғы қауіпсіздік»

Өткізілген күні: 20.05. 2025 жыл

Өткізілген орны: Музыка залы.

Қатысқандар: 20 ата-аналар

Қатыспаған ата-аналар: -

Төраға: Асташева С.А

Хатшы: Ембергенова С.С

Күн тәртібі:

2024–2025 оқу жылының қорытындысы.

Балалардың оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелері.

Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру.

Ата-аналармен кері байланыс және ұсыныстар.

Өртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша, топ тәрбиешісі Орынбаева Э.Т сөз сөйлеп, оқу жылының қорытындысын таныстырды. Балалардың жыл бойы тіл дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, музыка және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне белсенді қатысқаны айтылды. Балалардың өзіне-өзі қызмет ету, мәдени-гигиеналық дағдылары, қарым-қатынас мәдениеті қалыптасып, жас ерекшелігіне сәйкес білім, білік, дағдыларды меңгергені атап өтілді.

2-мәселе бойынша, тәрбиеші әр баланың жетістіктеріне тоқталып, оқу жылы ішінде өткізілген мерекелер, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, көрмелер, байқаулар және ата-аналармен бірлескен жұмыстар туралы баяндады. Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысқаны үшін алғыс білдірілді.

3-мәселе бойынша, жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстар түсіндірілді. Балалардың денсаулығын нығайту, таза ауадағы ойындар, шынықтыру шаралары, қауіпсіздік ережелерін сақтау, дұрыс тамақтану және күн тәртібін сақтау жөнінде ұсыныстар берілді. Жаз мезгілінде балаларды күннен қорғау, жеткілікті су ішу және қауіпсіз демалысты ұйымдастыру қажеттігі ескертілді.

4-мәселе бойынша, ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, балабақша ұжымына алғыстарын айтты. Кейбір ата-аналар келесі оқу жылында да бірлескен іс-шараларды көбірек өткізуді ұсынды.

5-мәселе бойынша, келесі оқу жылына қажетті құжаттарды уақытында тапсыру, балаларды жазғы кезеңде тұрақты қатыстыру мүмкіндігі және балабақша ережелерін сақтау туралы ақпарат берілді.

Қаулы: 2024–2025 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

Ата-аналар балалардың күн тәртібін, қауіпсіздігін және дұрыс тамақтануын қадағаласын. Келесі оқу жылына қажетті құжаттарды белгіленген мерзімде тапсыру қамтамасыз етілсін. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық алдағы уақытта да жалғастырылсын. Құрметті ата-аналар!

Баланың қауіпсіздігі – ең алдымен ата-ананың жауапкершілігі. Балаларға күн сайын қауіпсіздік ережелерін еске салып, өзіңіз де үлгі болғаныңыз өте маңызды. Оқу жылы бойы көрсеткен қолдауларыңыз, белсенділіктеріңіз және балабақша өміріне атсалысқандарыңыз үшін баршаңызға шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

Жиналыс төрағасы: Асташева С.А

Хатшы: Ембергенова С.С

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Қолы:

Ата-аналар жиналысы

